

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 15 қарашадағы № 493-IV Заңы.

2011 жылғы 17 наурызда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - Тараптар),

өзара достық қарым-қатынастарды және әскери саладағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ұмтыла отырып,

1997 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Әскери саладағы ынтымақтастық туралы шартты басшылыққа ала отырып, Орталық Азия өңіріндегі қауіпсіздікті нығайту қажеттілігіне сүйене отырып, Қырғыз Республикасының Қарулы Күштерін дамытуға жәрдем көрсету мақсатында, өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету үшін құқықтық база құруға ниет білдіре отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Қазақстан тарапы Қырғыз тарапына осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымшада көрсетілген әскери мүлікті өтеусіз беру түрінде өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсетеді.

2-бап

Осы Келісімді іске асыру бойынша Тараптардың уәкілетті органдары мыналар болып табылады:

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;

Қырғыз тарапынан - Қырғыз Республикасы Қорғаныс министрлігі.

3-бап

Қазақстан тарапының уәкілетті органы әскери мүлікті Қазақстан Республикасының аумағынан Тараптардың уәкілетті органдарының өкілдері әскери мүлікті қабылдау мен беруді жүргізетін Қырғыз Республикасы Шу облысының аумағындағы "Ақ-Жол" кеден бекетіне дейін жеткізуді жүзеге асырады.

4-бап

Тараптардың мемлекеттік шекараларынан өткенге дейін 30 тәуліктен кешіктірілмейтін мерзімде Қазақстан тарапының уәкілетті органы Қырғыз Тарапының уәкілетті органына әскери мүлікті жеткізуді жүзеге асыратын жеке құрамның атаулы тізімін береді.

Атаулы тізім мынадай мәліметтерден тұрады: тегі мен аты-жөні, туған күні, әскери атағы, лауазымы, жеке басын растайтын құжаттың атауы, сериясы мен нөмірі. Атаулы тізімді Қазақстан тарапының уәкілетті органы бекітеді.

Қазақстан тарапының әскери қызметшілері Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын растайтын құжаттарды ұсына отырып, атаулы тізімге сәйкес Тараптардың мемлекеттік шекараларынан өтеді.

5-бап

Әскери мүлікті "Ақ-Жол" кеден бекетіне дейін жеткізуге байланысты шығыстарды Қазақстан тарапы көтереді.

Қырғыз тарапы кедендік рәсімдерді ресімдеу және әскери мүлікті өз мемлекетінің аумағына тасымалдау шығыстарын өзі көтереді және оған жауапты болады.

6-бап

Қырғыз тарапы осы Келісім шеңберінде Қазақстан тарапынан алған әскери мүлікті немесе оны пайдалану құқығын үшінші тарапқа бермеуге міндеттенеді.

7-бап

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге тиісті хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Келісімді іске асыру кезінде туындайтын кез келген келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер және консультациялар жолымен шешетін болады.

8-бап

Осы Келісім Қазақстан тарапының оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарламасын Қырғыз тарапының дипломатиялық арналар арқылы алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Тараптар дипломатиялық арналар арқылы растайтын, Қырғыз тарапына осы Келісімге сәйкес берілетін әскери мүлік толық берілген сәттен бастап өз қолданысын тоқтатады.

2011 жылғы 17 наурызда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Қырғыз Республикасының Үкіметі
арасындағы өтеусіз әскери-техникалық
көмек көрсету туралы келісімге
қосымша

Берілетін әскери мүліктің тізбесі

| Р/с № | Мүліктің атауы | Өлшем бірлігі | Саны |
|----------|---|---------------|------|
| 1. | ГАЗ-66 автомобилі | бірлік | 9 |
| 2. | ЗиЛ-131 автомобилі | бірлік | 11 |
| 3. | Қару-жарағы бар (КВП 14,5 мм пулеметі, ПКТ 7,62 мм пулеметі) БТР-80 | бірлік | 5 |
| 4. | ПМ-120 минаатқышы | бірлік | 30 |

2011 жылғы 17 наурызда Астана қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісімнің куәландырылған көшірмесі екендігін растаймын.

*Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Халықаралық құқық департаментінің
Басқарма бастығы Б Пискорский*

РҚАО-ның ескертпесі. Бұдан әрі Келісімнің мәтіні қырғыз тілінде берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК